

Табысы мен білім деңгейі төмен клиенттерге, мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына микрокредит алу кезінде берілетін ұсынымдар

Осы ұсынымдар табысы мен білім деңгейі төмен клиенттердің, мүгедектігі бар адамдардың және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарының микрокредит алу кезінде саналы әрі негізделген шешім қабылдауына жәрдемдесу мақсатында әзірленді.

Табысы мен білім деңгейі төмен клиенттерге арналған ұсынымдар

Микрокредит алу туралы шешім қабылдау кезінде:

- микрокредит беру туралы шартпен, өтеу кестесімен және қайтарылуға жататын жалпы сомамен мұқият танысу;
- ай сайынғы төлемдердің мөлшері мен мерзімдеріне назар аударып, шарт бойынша міндеттемелерді орындау өзіңіздің қаржылық мүмкіндіктеріңізге сәйкес келетініне көз жеткізу;
- микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді уақтылы орындау мүмкіндігін бағалау кезінде өзіңіздің табыстарыңыз бен міндетті ай сайынғы шығыстарыңызды ескеру;
- шартқа қол қойғанға дейін микрокредиттің барлық талаптары түсінікті екеніне көз жеткізіп, сұрақтар туындаған жағдайда МҚҰ қызметкерінен қажетті түсіндірмелер алу;
- шарттың жекелеген талаптары түсініксіз болған немесе күмән туғызған жағдайда оған қол қоймау;
- микрокредит бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін микрокредит беру туралы шарттың данасын, өтеу кестесін және микрокредит ресімдеу кезінде алынған өзге де құжаттарды сақтау;
- өтеу кестесіне сәйкес төлемдерді уақтылы жүзеге асыру;
- қаржылық жағдай өзгерген немесе міндеттемелерді орындауда қиындықтар туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасына және МҚҰ-ның ішкі рәсімдеріне сәйкес берешекті реттеудің қолжетімді тәсілдері туралы ақпарат алу үшін МҚҰ-ға уақтылы жүгіну ұсынылады.

Шарт жасалғанға дейін төмендегі мәліметтердің түсінікті екеніне көз жеткізу ұсынылады:

- берілетін микрокредиттің сомасы;
- микрокредит мерзімі;
- сыйақы мөлшері;
- қайтарылуға жататын жалпы сома;
- өтеу кестесіне сәйкес төлемдердің мөлшері мен күндері;
- шарт талаптарын бұзудың және міндеттемелерді уақтылы орындамаудың салдары.

Мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына арналған ұсынымдар

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары шарт жасалғанға дейін микрокредит беру талаптары туралы қажетті ақпарат пен түсіндірмелерді алуға құқылы.

Қажет болған жағдайда микрокредитті ресімдеу мәселелері бойынша қосымша консультация немесе түсіндірме алу үшін МҚҰ қызметкеріне жүгіну ұсынылады. Қаржылық қызметті алу кезінде:

- микрокредит беру туралы шарттың талаптарымен оған қол қойғанға дейін мұқият танысу;
- қажет болған жағдайда шарттың талаптары, микрокредит беру тәртібі, сыйақы мөлшері, өтеу мерзімдері мен тәртібі бойынша түсіндірме алу үшін МҚҰ қызметкеріне жүгіну;
- туындаған барлық сұрақтарға жауап алмайынша шартқа қол қоймау;
- қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін заңды өкілдің немесе өкілдің көмегін пайдалану;
- шартқа және өзге де құжаттарға қол қойғанға дейін олардағы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;
- микрокредит бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін микрокредитке қатысты құжаттарды сақтау.

Қаржылық қызметті алу немесе қашықтан қызмет көрсету сервистерін пайдалану кезінде қиындықтар туындаған жағдайда, консультация және қажетті түсіндірмелер алу үшін МҚҰ-ның ресми байланыс арналары арқылы жүгіну ұсынылады.

Жалпы ұсынымдар

Табысына, жасына немесе денсаулық жағдайына қарамастан, әрбір клиентке:

- микрокредит алу туралы шешімді шарт талаптарымен танысқаннан кейін ғана өз бетінше қабылдау;
- барлық құжаттарды қол қойғанға дейін мұқият оқу;
- мазмұны түсініксіз құжаттарға қол қоймау;
- қажет болған жағдайда МҚҰ қызметкерлерінен қосымша түсіндірмелер алу;
- микрокредит туралы ақпарат алу үшін МҚҰ-ның ресми байланыс арналары арқылы жүгіну;
- микрокредит бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін оған қатысты құжаттарды сақтау ұсынылады.

Микрокредит беру талаптарымен алдын ала танысу және шарт жасалғанға дейін қажетті түсіндірмелер алу қаржылық қызметті алу кезінде саналы әрі негізделген шешім қабылдауға ықпал етеді.